

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы балабақшада

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы – баланың жан-жақты дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Балабақшада тіл дамыту жұмыстары балалардың сөздік қорын молайтуға, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, өз ойын еркін жеткізуіне және қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталады.

Тілдік дамыту жұмыстары күнделікті оқу іс-әрекеті, ойын, ертегі оқу, әңгімелесу, тақпақ жаттау, жаңылтпаш пен жұмбақ айту арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, сурет бойынша әңгіме құрастыру, рөлдік ойындар ұйымдастыру және шығармашылық тапсырмалар беру балалардың байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіреді.

Тәрбиеші балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әр баланың сөйлеу белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Байланыстырып сөйлеуді дамыту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, сөздік қорын байыту және грамматикалық дұрыс сөйлеуге дағдыландыру – тіл дамыту жұмысының негізгі бағыттары болып табылады.

Қорытындылай келе, балабақшадағы жүйелі тілдік даму жұмыстары баланың мектепке дайындығын арттырып, оның танымдық, әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттерінің қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

